

**Әйтеке би аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 наурыздағы № 162 "Әйтеке би ауданы бойынша 2022-2023 жылдары жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2022 жылғы 16 қарашадағы № 262 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Әйтеке би аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Әйтеке би аудандық мәслихатының "Әйтеке би ауданы бойынша 2022-2023 жылдары жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" 2022 жылғы 29 наурыздағы № 162 шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

Ақкөл, Ақтасты, Аралтоғай, Тұмабұлақ, Әйке, Жабасақ, Жамбыл, Темірбек Жүргенов, Қайрақты, Қарабұтақ, Құмқұдық, Қызылжұлдыз, Сарат, Сұлукөл, Үшқатты ауылдық округтері бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың 4 - қосымшасындағы "Бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен бекітілген жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларының 9-тармағына сәйкес айқындалады" абзацтағы сөздер "Бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 545 бұйрығымен бекітілген "Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу жөніндегі әдістемеге" сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14827 болып тіркелген) анықталады" сөздермен ауыстырылсын.

2. "Әйтеке би аудандық мәслихатының аппараты" ММ-сі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялауды қамтамасыз етсін;

2) осы шешімді Әйтеке би ауданы мәслихатының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК